

- 3) еңбек тәртібін мүлтіксіз орындау, билікті тиімді жүргізу, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқару, жұмыс уақытын тиімді пайдалану;
- 4) жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалына тәуелсіз болу;
- 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызметшілер және өзге тұлғалар қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- 6) мүдделер қайшылығына жол бермеу, туындаған жағдайда оларды жою бойынша заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау.

3.3. нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу кезінде қызметші:

- 1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық құқық нормалары заңнамасына қайшылықтарды анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізуі;
- 2) мемлекеттік және өзге органдар мен ұйымдардың білім беру саласындағы заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстарын ескеруі;
- 3) нормативтік құқықтық актілер жобасы азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қозғаған жағдайда, оны қауыммен міндетті талқылай отырып, әзірлеуі тиіс.

3.4. өмір қызметі саласындағы ерекшелікке байланысты туындайтын өзге өзара қарым-қатынас жасау барысында:

- 1) заңмен қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік жауапкершілік қарастырылған қылмыс пен өзге құқықбұзушылықтарға жол бермеу;
- 2) қарамағындағы қызметшілерге қатысты негізсіз кінә тағуға, әдепсіздік, адамгершілік абыройын қорлау фактілеріне жол бермеу;
- 3) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында негізделген және сенімді мәліметтер ғана ұсыну;
- 4) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті, автокөлік құралдарын қосқанда, тиімді, оңтайлы және қызметтік мақсаттарда ғана пайдалану;
- 5) ұжым арасында іскерлік өзара қарым-қатынас орнатуға және нығайтуға септігін тигізу;
- 6) қызметтік міндеттерін тиімді пайдалану үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру;
- 7) қызметін лауазымдық өкілеттігіне сәйкес жүзеге асыру;
- 8) қызмет әдептілігін ұстану;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды болдырмау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдау, жазбаша түрде мүлтіксіз жоғары тұрған басшыға, уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлау.

4. Өзге шектеулер мен тыйымдар

Білім саласындағы қызметшіге:

- 1) егер коммерциялық ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттігіне кірмесе, кәсіпкерлік іспен